

реализации прав человек, а о том что именно от назначающего лица зависит то как работает Омбудсмен. И если ситуация печально в мире, должны ли мы говорить о том что уполномоченные по правам человека работают в полную силу? Или же для полной реализации своих обязанностей они должны назначаться народом и по представлению ООН. Ибо только в этом случае статистика может увидеть спад цифр в лучшую сторону.

Литература

1. Права человека - <http://www.un.org/ru/aboutun/booklet/rights.shtml>
2. Уполномоченный по правам человека - <http://www.ombudsman.kz/>
3. Омбудсмен - <http://ru.wikipedia.org>

ЖАҢА ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ КОДЕКСІНДЕГІ «АҚЫЛҒА ҚОНЫМДЫ МЕРЗІМ», «ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МӘМІЛЕ» ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТІ ҚОЗҒАУ

**Әбуғали Гүлден Ерғалиқызы, Сулейман Демирел университеті
Ғылыми жетекші: з.ғ.к. Копбаев Думан Зикиринович**

Қоғамдық қатынас ішіндегі күрделісінің бірі жасалған қылмысты тергеу оны сотта қарап әділ шешумен байланысты қатынастар және ол қылмыспен күрестің маңызды бір бөлігі. Қылмыстық іс жүргізу құқығы – қоғам мен қылмыстық іс бойынша әділ сот ісін жүзеге асырушылар арасындағы қатынасты реттеуші, арнайы нормалар жиынтығы болып табылады./1/ ҚІЖК-де 10-31 баптарда қылмыстық іс жүргізудің 22 принципі айқындалған. Олардың ішінде: заңдылық; сот әділеттігін тек соттың ғана жүзеге асыруы; адам мен азаматтың құқықтарын соттың қорғауы, сот тәуелсіздігі, кінәсіздік презумпциясы және т.б./2/ Қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңды белгіленген тәртібі адамды және азаматты негәзсіз айыптау мен соттаудан, олардың құқықтары мен бостандықтарынан заңсыз шектеуден қорғауды, кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда – оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз етуі, сондай-ақ заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуға, қылмыстың алдын алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға жәрдемдесуі тиіс./3/

Қазақстан Республикасының Президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясында заңнама тек ұлттық мүдделерді ғана қорғап қана қоймай, қарқынды дамып отырған халықаралық құқықтық ортамен де үйлесуге тиістігін көрсете отырып, ұлттық құқықтық жүйені жаңғырту бағыттарын айқындады. «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында жаңа редакциядағы Қылмыстық іс жүргізу кодексін әзірлеу қажеттігі туралы атап өтілді./4-/ Бұл бағыттарда белгілі бір қадамдар жасалынуда. Сол қадамдардың біреуі қабылданғалы жатқан Қылмыстық іс жүргізу кодексінің жобасы.

ҚІЖК жобасы өзіне 677-бапты қосатын 16-бөлімнен, 72-тараудан тұрады. «Түбегейлі жаңа редакциядағы кодексті әзірлеудің негізгі мақсаты қылмыстық процесті оңайлату және үнемділігін арттыру, оны халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру және азаматтардың конституциялық құқықтарын неғұрлым толық қорғау болып табылады», - дейді *Бас прокуратура*./5/

Қылмыстық процестің бастапқы сатысы одан тергеуге дейінгі тексерулерді және қылмыстық іс қозғауды алып тастау жолымен түбегейлі өзгертілді. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды және хабарламаны тіркеу не тіркеу алдындағы алғашқы шұғыл тергеу амалдары тергеудің басталғанын білдіретін болады.

Тергеуге дейінгі тексерудің тағы бір елеулі ерекшелігі айғақтардың қосарлануы, өйткені, азаматтардан алдымен нақты жауап алынады, ал кейін іс қозғаған соң олар қылмыстық қудалау органдарына жауап алу үшін қайта шақыртылады. Күнделікті практикада көріп жүргеніміздей кейде адамдарды қорқыту жолымен жауап алынуы мүмкін және адамдар бұрын берген жауабынан

бас тартатын кездерде бұл өзгеріс тиімді емес. Оның үстіне қылмыстық ізге түсу органдары жаңа өкілеттіктерді тікелей жолмен де молынан алып отыр – атап айтқанда, бұл егжей-тегжей жете сипатталмаған құпия тергеу амалдары (біреудің әңгімесін жасырын тыңдау, бақылау, тұрғын үйлер мен қызметтік жайларға құпия кіру және т.с.с.) туралы нормалар, сондай-ақ еш себеппен ақтауға болмайтын.

Жаңа ҚДЖК сәйкес азаматқа қылмыстық іс қозғалғандығы туралы хабарланбадан оған қарсы дәлелдемелер жинала береді. Ал ескі кодекс бойынша іс қозғалғанса азаматқа оған қатысты іс қозғалғандығы туралы хабар берілетін және дәлелдемелерді жинау соттың санкциясымен жүзеге асырылатын. Ал жана кодекстің 255 - бабында көрсетілгендей тұрғын үйге үй иесі жоқ кезде де кіріп тінтуге болады. Яғни, егер сіздің атыңызға арыз түсетін болса сіздің үйіңізге тергеуші, оперативник жасырын кіріп тінту жүргізіп, жиһаз, заттарды қарау және т.б әрекеттер жасай алады. Сіз бұл туралы білмеуіңіз де мүмкін және бұл әрекеттерге қарсы шағым да жасай алмайтын боласыз. Осылайша кез келген арыз бойынша қажетті негіздер болмаса да құқық қорғау органдары тергеу әрекеттерін жасай береді. Негізі қылмыстық іс қозғау үшін тергеу органдарына заңи себептер керек болатын, мысалы қылмыс туралы тіркеу. Сондай-ақ, заңды негіздер – іс-әрекеттің қылмыс екендігін көрсететін жеткілікті дәлелдемелер қажет болатын. Қылмыстық әрекеттің белгілері болмаса – қылмыс жоқ. Қылмыстық істі қозғау институтын алып тастау арқылы қылмыстық істің санын реттеп отыратын жеткілікті негіздерсіз қылмыстық істі қозғаудың алдын-алатын фильтр алып тасталғандай болады.

Жаңа кодекстің жобасын дайындаушылар автоматты түрде арыз бойынша қылмыстық іс қозғау құқық қорғау органдары мен соттың қызметінің тоқтатылуына әкеліп соғу мүмкіндігін ескермеген. Бұған көз жеткізу үшін ПМ-нің статистикасына көз жүгіртсек болады. 2012 жылы республикамызда тек ішкі істер органдарының өзіне 1 млн 872 мың құқықбұзушылық және қылмыстық әрекеттер туралы арыз тіркелген. Солай бола тұра тергеу алды тексерістер нәтижесінде 1 млн 276 мың арыз бен шағымдарға байланысты қылмыстық іс қозғауға бас тартылған, ал бұл келіп түскен арыздар мен шағымдардың 68,2 пайызы болатын. 150 274 арыз бойынша әкімшілік іс қозғалды. Ал 199 367 арыз бойынша қылмыстық іс қозғалды. Бұл барлық арыздардың тек 13,4 пайызы ғана.

Ал енді жаңа кодекспен құқық қорғау органдарына осы 1,5 миллион арыз бен шағым келіп түскеннен кейін қылмыстық іс қозғалды делік. Арыз бойынша тергеушілер қылмыстық іс қозғай берсе. Мұндай жағдайда бұл істермен барлығы айналысуы керек болады: кезекші полиция қызметкерлерінен бастап ПМ-нің бастығына дейін. Себебі, тергеушілер үлгермейді, саны аз. Ия, заң бойынша тергеу әрекеттерімен тек тергеушілер және анықтаушылар айналысады, бірақ ПМ-де олардың штаттық саны 5 мыңдай ғана. Енді жай арифметикамен есептеп көрейік: егер 1 млн 872 мың істі 5 мың тергеуші мен анықтаушыға бөліп берсек, онда әрбір тергеуші мен анықтаушыға жылына 374 істен келеді. Ал бір жылда 365 күн бар. Олай болса егер бұл адамдар тәулігіне 24 сағат, демалыссыз және кезекті жылдық демалыссыз жұмыс жасаса да олар физикалық тұрғыда барлық істі тергеуі мүмкін емес. Олар тек әр күні ол қылмыстарды тіркеп қана үлгеретін болады. Олай болса тергеудің сапасы мен мерзімінің сақталуы не болмақ?

«Тергеудің ақылға қонымды мерзімі» деген ұғым енгізілді. Бұл бұрынғы интервалдарда сақталғандай тергеудің және азаматтарды ұстаудың мерзімдерін бақылау мен қадағалауды қылмыстық процестен алып тастауды білдіреді.

«Аталған новелла азаматтарға тергеудің негізсіз созбалануын сотқа шағымданға және оны барынша қысқа мерзімде аяқтауды талап етуге мүмкіндік береді», - дейді заң шығарушылар. Ескіру мерзімі, бізде қылмыстық кодексіне сәйкес санкция мерзіміне теңестіріледі. Яғни, қылмыстық кодекстің кез келген бабы 2 жылдан 5 жылға дейін мерзім қарастырады, ал ауыр қылмыстар бойынша 15 жыл және одан да көп. Сонда қылмыстық істі өмір бойы тергеуге болады деген сөз. Мұндай тәртіпте көпшіліктің заңды асыра пайдалануларына және заңсыздыққа әкелетінін көруге болады. Сондай-ақ, жемқорлыққа жол ашатын жаңа бағыт болатынына күмән жоқ.

Ынтымақтастық туралы мәміле. Ол алдымен сотта бекітіледі, кейін сот жазалау шарасы туралы түпкілікті шешім шығару мақсатында мәміле нәтижелерін қайта қарайды.

Ынтымақтастық туралы мәміле қылмыстық процестің кез келген сатысында, соның ішінде қылмыстық топтар жасаған қылмыстарды, өзге де адамдар жасаған аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ экстремистік және террористік қылмыстарды ашуға және тергеуге ықпал ететін жағдайда жазаны орындау сатысында да жасала береді.

Мәміле институтын имплементациялау тұтастай алғанда қылмысқа, соның ішінде оның ұйымдасқан нысандарымен қарсы күресте мемлекеттің әлеуетін арттырады, «түрме адамдары» индексі азайтуға оң әсерін тигізеді дейді.

Жоба халықаралық нысанда жасалған және Еуропа, АҚШ елдерінің тәжірибесінен алынғаны белгілі. Бірақ жергілікті әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді ескерместен, одан бұрын құқық қорғау органдарының жағдайын ескерместен соқыр шетел заңнамасын көшіріп алу дұрыс емес. Кейбір құқық қорғау органдары қанды табыс көзіне айналдырып алу мүмкін.

Бұл тұрасында мына жағдайды: Әуликөл райондық сотындағы Құшмұрын полиция бөлімінің бастығы мен тергеушісіне қатысты үкімді қарайық. Бұл адамдар адамдар тобымен жасалған зорлау қылмысына қатысты медиатрлық қызмет жүргізген. Полиция бөлімінің бастығы мен тергеуші жәбірленушіні зорлаушылармен бітімгершілік келісімге келуге мәжбүрлеген. Олар сондай-ақ сотта істің жеңілуі үшін заттардың көзін жойған. Көрсеткен қызметтері үшін 300 мың теңге талап еткен. Міне соқыр шетел заңнамасын көшіру осындай жағдайларға әкеп соғуы мүмкін. Жалпы қоғамға қажет ынтымақтастық туралы мәміле біздің шарттарда ақша жымқыруға айналуы мүмкін. Жаңа редакциядағы кодексті әзірлеудің негізгі мақсаты қылмыстық процесті оңайлату және үнемділігін арттыру, оны халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру және азаматтардың конституциялық құқықтарын неғұрлым толық қорғау болып табылады *дейді Бас прокуратура*. Тұтастай алғанда, заң жобасын қабылдаудан күтілетін тиімділік азаматтардың сенім артуы деңгейін арттыру, соттың өкілеттіктерін кеңейту, іс жүргізуді үнемдеу және түрме адамдарының индексі азайту болып табылады.

Бірақ жоғарыда аталған өзгерістер мен жаңашылдықтарға қарасақ ең бірінші адамның Конституциялық құқығы емес мемлекеттік органдардың мүддесі негізге алынған ба деп ойлап қалуға болады. Мысалы айтып кеткеніміздей қылмыстық істі қозғау институтының алынып тасталуы: азаматқа қылмыстық іс қозғалғандығы хабарланбадан оған қарсы дәлелдемелер жинала береді және үй-жай, жеке заттар соттың санкциясысыз тексеріле беру мүмкін. Ал ақылға қонымды мерзімді алатын болсақ нақты кімнің ақылына қандай мерзім қонымды екені белгісіз. Яғни ақылға қонымды мерзімге нақты анықтама берілмеген. Бұл дегеніміз қылмыстық іс өмір бойы тергеле беруі мүмкін. Сол сияқты ынтымақтастық туралы мәміле де біреуге гүл біреуге күл норма болатыны сөзсіз. Қабылданғалы жатқан нормалар халықаралық стандартқа сай болса да кейбір нормалары біздің құқық қорғау жүйемізге сәйкес келмейді деп ойлаймын. Заң шығарушылардың ниеті мен ойлары дұрыс болуы мүмкін, бірақ ол заңның қолданыстағы тиімділігі сұрақ белгісі.

Әдебиеттер

1. Нұрмашев Ү. ҚР Қылмыстық іс жүргізу құқығы. – Алматы: Жеті Жарғы, 2008. – 3-6 б.
2. Қылмыстық іс жүргізу кодексі 2-тарау.
3. <http://www.akorda.kz/> Қазақстан Республикасының Президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы
4. Бас прокуратура сайты

АДМИНИСТРАТИВНЫЕ ПРАВОНАРУШЕНИЯ В СФЕРЕ ТАМОЖЕННОГО ДЕЛА

Камзина Акбота Калымбековна

Академия финансовой полиции, 3-курс, г.Астана

Аннотация

В статье на основе проведенного исследования автором статьи формулируются некоторые выводы, предложения и рекомендации по совершенствованию практики таможенных органов по